

2003 жылдың Азия Даму Банкінің 36-шы жылдық кездесуін өткізуге Алматы қаласын ұсыну туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 24 мамыр N 631

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси және инвестициялық имиджін нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігінің 2003 жылы Азия Даму Банкінің 36-шы жылдық кездесуін өткізуге Алматы қаласын ұсыну туралы ұсынысын мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігін Азия Даму Банкінің 36-шы жылдық кездесуін 2003 жылы Алматы қаласында өткізу жөнінде Азия Даму Банкіне ресми сұрау салсын және онымен қажетті жұмысты ұйымдастырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі Ораз Әлиұлы Жандосовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.

Омарбекова А.